



14 наурыз – Көрісу мейрамы

Қазақстанның батыс аймағына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден-бір салт болып саналады. Көрісу күнінде халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысады.

Таң атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәттісін үйіп қояды. Отба-

сының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір-біріне «Бір жасыңмен!» деп, ақ тілектерін арнайды. Бұл «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеде мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен Ұлыстың Ұлы күні – 22 наурыз мерекесін қарсы алады.



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

7 ҚАДАМ. Ұйқы

Ұйқы адам өмірінде басты және шартсыз қажеттілік болып табылады. Орташа статистикалық мәлімет бойынша, адам өмірінің үштен бір бөлігін, яғни, 25 жылға шамалас уақытты ұйқымен өткізеді. Ұйқы денсаулық пен әл-ауқаттың негізгі бөлігі болып табылады. Ұйқы жүрек пен тамырлардың қалыпқа келуіне және емделуіне, салмақты, тағам таңдауды басқаруда, және иммунды жүйе қызметін жақсартуға қатысады.

Ұйқыдан айыру депрессияға, өзіне қол жұмсауға, қауіпті әдепке, тыныштандыру мақсатында ішімдік пен наша қолдануға алып келі мүмкін. Сонымен қатар, жеткіліксіз ұйқы жүргізушілер арасында аса қауіпті болып табылады: ұйқы жеткіліксіздігі рульге мас күйде отыру сияқты автомобильді жүргізу қабілетіне әсер етеді.

Ересек адамға ұсынылатын ұйқы нормасы тәулігіне 7-8 сағат шамасында болады.

Ұйқы алдында тамақ қабылдауды доғару ұсынылады. Ұйықтар алдында 2 сағат бұрын тек жеңіл тамақты қабылдауға болады (көкөністер, жемістер ашымалы сүт өнімдері). Қалыпты түнгі ұйқы үшін 5-6 сағат жеткілікті. Ұйқы үшін ең пайдалы уақыт – кешкі 11 сағаттан таңғы сағат 5-ке дейін.

Ұйықтағанда басыңызды солтүстікке немесе шығысқа салып жатқан жөн. Кеңістіктегі дененің дұрыс орналасу талабы электромагнитті өрістерді келістіру қажеттілігімен байланысты. Жер қыртысы мен адамның электромагнитті толқындардың қозғалысының бағыттары сәйкес келуі керек.

Қатты тегіс төсемде ұйықтаған жақсы. Жұмсақ төсекте дене амалсыздан иіліп, қыспаққа алынған әртүрлі мүшелер мен жұлынның қанайналымының бұзылыстарын тудырады. Сонымен қатар, бұл дененің кез келген бөлігіне жағымсыз әсер ететін жүйке аяқтамаларының қысылуына алып келу мүмкін.

(Жалғасы келесі сандарда)

БҰЛ НӨМІРДЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР:



Исатай тағы ерледі
3 бет



Ембілік мұнайшылар
Наурыз тойын тойлады
4 бет



Мы работаем
на благо коллектива
5 бет



Әлем чемпионатынан
мұнайшылыққа дейін...
6 бет



Мұнайшылар шығармашылығы
8 бет



Бас компаниялар жаңалықтары

ҚМГ БӨ артықшылықты акциясын қайта сатып алу бағдарламасын аяқтады

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасының нәтижелерін хабарлайды.

2019 жылдың 1 қаңтарынан «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ қосылу жолымен «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ болып қайта құрылды. Бизнес-процестердің жақындасуы және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуге көшуі салдарынан 3 қаңтар мен

18 қаңтар аралығында «Қазпошта» АҚ трансфер-агенті қабылдаған бұйрықтарды қабылдап алу мен оңдеу техникалық себептер бойынша жүзеге асырылмады.

Сатып алу бағдарламасы кезеңінде (30.01.2019 ж. дейін) брокерлер қабылдаған клиенттік өтініштерді толық орындау мақсатында ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің 12.02.2019 жылғы шешімімен 22.02.2019 жылы «Қазпошта» АҚ брокерлері арқылы өздеріне тиесілі акцияны сатуға өтініш берген акционерлер-

мен, сондай-ақ, 2019 жылдың 31 қаңтарында есеп айырысу жүргізілмеген басқа брокерлердің өтініштерімен актық есеп айырысу үшін Қазақстандық қор биржасында 2019 жылдың 30 қаңтарында күн соңына дейін қосымша мамандандырылған саудасаттық жүргізу туралы шешім қабылдаған болатын.

Осылайша, бағдарламаны жүзеге асыру кезеңінде Компания жалпы сомасы 15 860 313 600 теңгеге 1 239 087 артықшылықты акцияны сатып алды.

Қордың әлеуметтік бағдарламалар көлемі ұлғаяды

«Самұрық-Қазына» қорында өткен жиында Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Мемлекет басшысының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде белгілеген тапсырмаларын белсенді орындау қажеттігін нұсқады. Осы орайда әлеуметтік бастамалардың барлық бағытына мұқият назар аударылмақ.

«Өткен жыл Қор үшін жемісті болды. Қордың табысын 33%-ға арттырдық, мемлекеттік бюджетке аударым көлемі 1 триллион теңгені құрады немесе 2017 жылмен салыстырғанда 200 млрд теңгеге ұлғайды. Оң қаржылық нәтижелер әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды жалғастырумен қатар, Президент белгілеген тапсырмалар аясында оларды айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді», - деді Ахметжан Есімов.

2018 жылы Қор денсаулық сақтау саласы аясында үш оңалту орталығының негізін қалауға қолдау

көрсетті. Онда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан 1627 балаға тегін оңалту курстарынан өтті. Сонымен қатар Қор ауылдық жерлерде спорттық инфрақұрылымды қалыптастыруға және шалғайдағы тұрғындарға жоғары білікті медициналық көмек көрсететін медициналық пойыздарды ұйымдастыруға қолұшын созды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру шеңберінде Қор балалар мен жасөспірімдер лагерьлерінде әлеуметтік «лұметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан 1830 баланың білім алуына және демалуына жағдай жасады. Сонымен қатар, білім беруге және кәсіби бағдарға бағытталған бір-қатар шара қаржыландырылып, оған 23 мыңнан астам бала тартылды.

Биылғы жылы Қор денсаулық сақтау, салауатты өмір салты, медицина, білім беру, жалақы және қа-

йырымдылық бойынша қолға алынған жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады. 2019 жылы Қордың компаниялар тобында ең төменгі жалақының деңгейін 42,5 мың теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Жастар жылының шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Қордың қоржындық компания басшыларына жастарды қолдауға бағытталған іс-шараларды әзірлеуді және іске асыруды тапсырды. Атап айтқанда, компаниялардың бірінші басшылары «Жас өркен» бағдарламасына және «Цифрлық жаз» жобасының дамуына қолдау көрсетуі қажет. Оның арқасында астаналық және өңірлік жоғары оқу орындарының дарынды түлектеріне Қор тобының компанияларында жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі.

Жиын барысында Ахметжан Есімов Қордың қоржындық компаниялар тобының басшыларына әлеуметтік бастамалардың барлық бағыттары бойынша нақты іс-шараларды әзірлеп, мақсатты нәтижелерді айқындауды және оларды іске асыруды қамтамасыз етуді тапсырды деп хабарлайды «Самұрық-Қазына» АҚ баспасөз қызметі.



А. Есімов: Трансформация дегенде «әсіре» сандардан бас тарту қажет

«Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Трансформация бағдарламасын қоржындық компаниялардың бизнес-мақсаттарына барынша сәйкестендіруді тапсырды деп хабарлайды Қордың баспасөз қызметі.

«Самұрық-Қазына» АҚ-да Трансформация бағдарламасын жүзеге асыру және одан әрі дамыту тақырыбында жиналыс өтті. Оған Қордың және қоржындық компания басшылары қатысты. Жиынға қатысушылар бағдарламаны іске асырудың 2018 жылғы алдын ала нәтижелерін саралады.

«Өкінішке орай, осы жылдар бойы трансформациядан түскен кіріс Қор жұмсаған шығындарды өтеген жоқ. «Әсіре» сандардан бас тарту қажет. Бізге трансформация арқылы әр компаниямыздың табыстылығын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа әдіс-тәсілдер қажет», - дейді Ахметжан Есімов.

Жаңғырту қадамдарының жаңа кезеңін іске асыру барысына Қордың Цифрландыру және ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Керейбаев жетекшілік етпек. Жиында ол аталған бағдарламаны тиынақты атқарудың тың

жолдарын таныстырды. Бұл компаниялардың бизнес тиімділігін, нақты экономикалық және қаржылық пайдасын арттыруға бағытталған.

Айта кеткен жөн, Трансформация бағдарламасы Елбасы тапсырмасы бойынша 2014 жылдың қазан айында қолға алынды. «Самұрық-Қазына» қорының қоржындық компанияларының экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған бағдарлама «Temasek» (Сингапур), «Khazanah» (Малайзия) және «Mubadala» (Біріккен Араб Әмірліктері) сияқты жетекші әл-ауқат қорлардың тәжірибесі негізінде әзірленген.

Компания жаңалықтары

Жоспардан артық нәтиже

Бүгінгі таңда «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының 14 кен орнының 11 кеніші өнім беріп тұр. Айта кету керек, жылыойлық мұнайшылар соңғы жылдары мұнай өндірудің жылдық жоспарын тұрақты түрде межеден артық орындауға қол жеткізіп отыр.

Нақты сандарға жүгінсек, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бойынша 2017 жылы 1034,9 мың тонна мұнай өндіру жоспарын 822,2 тоннаға, ал, өткен жылы жоспардағы 1109,8 мың тонна өнім көрсеткішін 80 мың тоннаға артық орындаған.

2018 жылы 6 эксплуатациялық ұңғыма қазылып, одан 18 530 тонна өнім алынды. 295 ұңғымаға геологиялық-техникалық шаралар жасалып, нәтижесінде жоспардан тыс 60 000 тонна мұнай өндірілген.

Өндіріске жаңа технологияны енгізу үнемі назарда. Бұл орайда, ұңғымалардың жұмысы автоматты түрде анықталып, Прорва, Акінген кен орындарында ілеспе судың, газдың және мұнайдың тәуліктік көлемі автоматты түрде анықталуда.

Кез келген кен алаңының өнім көрсеткішінің қандай деңгейде болуы алдымен оның өнім қорына байланысты. 2009-2018 жылдар аралығында «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кеніштерінде геологиялық қордың өсімі 55 млн. тоннадан астам болса, оның 14 млн. тоннасы өндірілетін қорды құрайды.



АтМГУ-ге Сафи Өтебаевтің есімі берілді

Дала төсінен қара алтын дариясын игеріп, ел ырысын еселеп жүрген атыраулық мұнайшылардың көшбасында тұрған тұлғалардың бірі – Сафи Өтебаев. Даңқты мұнайшының есімі мен ерен еңбегін мұнайшылар ғана емес, барша атыраулықтар құрметпен атап, ықыласпен еске алады.

Жуырда Елордадан қуанышты хабар жетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.02.2019 жылғы №64 қаулысымен Атырау мұнай және газ университетіне қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби мұнайшы-инженер, еліміздегі мұнай индустриясын ұйымдастырушылардың бірі, КСРО Құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері Сафи Өтебаев есімі берілді.

Сафи Өтебаев 46 жылдық еңбек өтілінің 30 жылында тікелей мұнай кәсіпорындарын басқарды. С.Өтебаев 1935-1970 жылдар аралығында Батыс

Қазақстандағы мұнай кен орындарын ашуға және игеруге белсене қатысты. Соғыс жылдары ол Құлсары мұнай кәсіпшілігінің директоры, кейін ҚР ҚКП бірінші хатшысы қызметтерін атқарған кезде халық шаруашылығын қалпына келтіру және Қаратон, Терөзек, Мұнайлы және Төлес мұнай кен орындарын ашу жұмыстарын басқарды. Оның ұжымы аз уақыт мерзімде бар күш-жігерді жұмсап, жаңа кен орнында мұнайды сороды бастады. Ең ауыр күндерде де сегіз жүз тонна мұнайға дейін жер қойнауынан шығарды.

1938 жылы ол республиканың бірінші басшыларымен бірге КСРО-ның ауыр өнеркәсібінің министрі Л.М.Кагановичке Гурьев-Қосшағыл су құбыры (1938), Қандыағаш-Гурьев теміржолы (1938-1940), Гурьев МӨЗ (1943-1945) сынды нысан құрылыстарының облыс тұрғындары, соның ішінде, мұнайшылар үшін маңыздылығын түсіндіріп, дәлелдеді.

Безопасность – обязанность каждого

1 марта отмечался Всемирный день гражданской обороны. Дата приурочена к созданию в 1972 году Международной организации гражданской обороны (МОГО), которая на сегодняшний день является единственной организацией, курирующей вопросы гражданской защиты. Празднование «Всемирного дня гражданской обороны» призвано привлечь внимание современного общества к важным задачам, реализуемым рациональными службами гражданской защиты и обороны.

АО «Эмбаунагаз» не оставило без внимания эту важную дату. В этот день, на базе производственного структурного подразделения компании – управления производственно-технического обслуживания и комплектации оборудования (далее УПТОиКО) прошло совещание с участием работников и сотрудников департамента по чрезвычайным ситуациям (далее ДЧС) Атырауской об-



ласти Б. Курманалиева и Е. Мажитова. Сотрудники областного ДЧС рассказали историю основания праздника, а также какую важную роль играет гражданская оборона в жизни каждого человека и в масштабе страны.

В ходе беседы присутствующие работники УПТОиКО смогли задать интересующие вопросы, касательно профессиональной деятельности ДЧС и мер безопасности в случае возникновения различных чрезвычайных ситуациях.

Ембінің мақтанышы

Исатай тағы ерледі

1-3 наурыз күндері Атырау қаласында ұлттық спорт жекпе-жектен Қазақстан чемпионаты өтті. Ел чемпионатында республиканың түппір-түкпірінен келген 300-ге жуық спортшы өзара мықтыларды анықтады.

80 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен «Ембімұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметі және мобилизациялық жұмыстар қызметінің маманы, кәсіпқой спортшы Исатай Теміров қостанайлық қарсыласын бірінші раундта-ақ нокаутқа жіберіп, әлем чемпионатына жолдама алды. Жекпе-жектен соң облыс әкімі Нұрлан Ноғаев алаңға шығып, әріптесімізді құттықтады.

Жарайсың, Исатай!



Подарок для знакомства...

Зачем обычно дарят подарки? Чтобы порадовать любимого или близкого человека, в качестве благодарности за услугу, деловому партнеру - в знак уважения и мн. др. Как видите поводов для подарков может быть очень много, в том числе и продолжение знакомства с новым коллегой, сидящим на восьмом этаже и с которым некогда было познакомиться поближе -))).

Таким оригинальным способом решили познакомиться друг с другом поближе, а также создать себе весеннее настроение, молодые сотрудники Эмбы. В преддверии первого дня весны Совет молодых спе-

циалистов компании организовал символический «обмен подарками». За неделю каждый из молодых сотрудников вслепую достал из ящика бумажку с именем коллеги, которому должен будет приобрести подарок. И в течении недельного срока, тщательно изучал увлечения и предпочтения одариваемого, чтобы выбрать самый нужный подарок. Соответственно, для дарителя кто-то тоже готовил особый сюрприз.

Через неделю в актовом зале компании состоялось итоговое мероприятие, в ходе которого каждый молодой сотрудник получил подарок, над ко-

торым усердно потрудились его коллега. Таким образом, весело и конструктивно, молодые специалисты Эмбы познакомились друг с другом!

К сведению, на сегодняшний день, из 5 тысяч работников АО «Эмбаунагаз», более одной тысячи составляют молодые люди в возрасте до 35 лет. Только в аппарате управления компании работают около ста молодых специалистов и около тридцати в секторе аутсаффинга.





Наурыз мейрамы

Құрметті атыраулықтар!

Қазақ халқы үшін әз-Наурыз мейрамы қашанда елдіктің, татулық пен бірліктің, ырыс пен ынтымақтың, көктемгі жаңарудың мерекесі саналады. Бұл – табиғат, жер-дүниенің жаңарып, бой түзейтін шағы, өткенге салауат айтып, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын ғасырға жуық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ – терең тарихты бағалап, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін сақтап келетін отандық компания. Осы орайда, әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғам болып құрылған 2012 жылдың 1 қазанынан бастап 2018 жылдың 12 айы аралығында республикалық және

жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 897,1 млрд. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға 4,3 млрд. теңгеден астам қаражат аударды. Бұл қаражат мұнайлы өңір тұрғындарының әлеуметтік жағдайын дамытуға жұмсалуда.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі елімізге, жерімізге құт-береке ала келсін. Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күнідей шуақты, дастарханымыз аққа толы болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз»
АҚ Басқарма төрағасы
Ә.Е.ЖАҚСЫБЕКОВ



Ембілік мұнайшылар Наурыз тойын тойлады



Ембілік мұнайшылар жыл сайын Наурыз тойын айрықша салтанатпен атап өтеді. Биылғы мереке Қызылқоға ауданындағы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай кен орнында тойланды. Ақшаңқан киіз үйлер, төгілген күй мен шырқалған ән ең даладағы кен алаңын нағыз думанға толтырды.

Көрісу мерекесімен тұспа-тұс келген ауқымды шараға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басшылығы, «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, ЕМГ басқару аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері, 6 өндірістік құрылымдық бөлімшенің еңбек ұжымдарының, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, Компанияның ардагерлері мен еңбек сіңірген жұмысшылары қатысып, дәстүр-салтымызға деген құрметтерін көрсетті.

– 2018 жылы өндірістік жоспарды табысты орындадық. Бұл – ғасырға жуық уақыт бойы халық игілігі үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан ұжымда-

ғы бірліктің, татулықтың нақты айғағы. Ембілік мұнайшылар қашанда ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Компанияда бес мыңнан астам жұмысшы қызмет етеді. Бүгінгі жетістігіміз – солардың уақытпен санаспай атқарған маңдай терлерінің жемісі.

Биыл – қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын Қарашүңгіл кен алаңына да 120 жыл толмақ. Осынау айтулы мерекеге үлкен жетістіктермен жетіп отырғанымызды мақтанышпен айтамыз, – деді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

Мерекеге орай елеулі еңбектерімен дараланған қызметкерлерге Алғыс хаттар табысталды.

Кенбай кен орнына жиналған мұнайшылар дала төсін әсем әнге толтырды. Киіз үйлерде мол дастарқан жайылып, қазан көтеріліп, тарихтан сыр шертетін, ұлттық салт-дәстүрлерден көріністер қойылды. Мұнайшыларды мерекемен құттықтауға келген облыстың, ауданның өнерпаздары да салтанаттың сәнін келтірді. Бұл күні мұнайшылар да аянып қал-

ған жоқ. Түрлі ұлттық спорттық ойындарға қатысып, бақ сынады. «Кір тасын көтеру», «Білек күшін сынау», «Арқан тарту» секілді сайыстарға шықты. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтарға ие болды.

Айта кетсек, «Ембімұнайгаз» компаниясында Ұлыстың Ұлы мейрамын жоғары деңгейде тойлау жыл сайынғы дәстүрге енді. Бұған дейін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің Прорва, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Салтанат Балғымбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботахан кен алаңдарында тойланды.

Кенбайдағы мереке берекелі дастарқан басындағы ашық-жарқын жүздесуге ұласты. Осылайша қойнауы қазынаға толы мұнайлы аймақтағы кен орнына жиналғандар көктемнің керемет мейрамын шат-шадыман күйде қарсы алды. Өткен жылды табысты қорытындылаған ембілік мұнайшылардың биылғы межелері де айқын. Олар қай істе де ең бастысы бірлік пен береке екенін жақсы біледі.

(Толығырақ газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

Профсоюзы Эмбы

Мы работаем на благо коллектива

На текущий момент профсоюзная организация аппарата управления АО «Эмбаунайгаз» насчитывает около 300 сотрудников, из которых 9 – входят в состав профсоюзного комитета. Сегодня профсоюзная организация головного офиса поддерживает мероприятия, направленные на продвижение миссии и ценностей компании, улучшение условий труда работников и развитие внутренних коммуникаций. Об итогах работы за прошедший год мы побеседовали с руководителем профсоюзной организации аппарата управления Нсанбаевым Болатом Муратовичем.

Болат Муратович, главный вопрос, который интересует каждого сотрудника, в чем заключается деятельность профсоюзных организаций в масштабе компании?

- Да, мне часто приходится отвечать на этот вопрос. Думаю, по той причине, что не все работники компании осведомлены о роли профсоюзной организации. Между тем, профсоюз – это связующее звено между работодателем и работниками, посредством которого в цивилизованной форме выстраиваются взаимовыгодные отношения между администрацией и коллективом, а также разрешаются трудовые споры. О том, насколько эффективно работает профсоюзная организация нашей компании, можно судить по Коллективному договору, заключенному в 2017 году в результате продолжительного периода переговоров с участием профсоюзных организаций компании, аппарата управления и производственных структурных подразделений. По сути, Коллективный договор – это главный документ, который гарантирует социальное благополучие самого работника, а также членов его семьи. Согласно коллективного договора нашей компании, принятого в 2017 году между администрацией и профсоюзной организацией компании у работников Эмбы солидный социальный пакет, который помимо стабильной конкурентоспособной заработной платы и медицинской страховки на сотрудников и членов их семей, предусматривает различные виды дополнительных социальных выплат – материальная помощь к ежегодному трудовому отпуску, на санаторно-курортное лечение в размере 250 000 тенге на сотрудника, на летний отдых детей в возрасте от 7 до 14 лет в размере 150 000 тенге на одного ребенка, по случаю юбилея сотрудника, рождения ребенка, выхода на пенсию, оплачиваемый от-



пуск по болезни, по уходу за ребенком, по случаю смерти родственников, к праздничным датам, вознаграждение по итогам работы за год.

Какую работу ведет профсоюзная организация аппарата управления?

- Одной из главных задач деятельности профсоюзной организации аппарата управления является укрепление внутренних коммуникаций и семейных ценностей. В этих целях организуются различные корпоративные мероприятия с участием коллектива. В добрую традицию вошли выездные тимбилдинги, который профсоюз аппарата управления организует ежегодно в разном формате в летний и зимний период. В прошлом году, члены профсоюзной организации летом посостязались между собой на базе отдыха «Мекен», а зимой – отлично провели досуг с коллегами и членами своих семей на катке в Ледовом дворце. Еще одна хорошая традиция профсоюзной организации – поздравление сотрудниц аппарата управления с Международным женским днем с вручением ценных подарков, поздравление мужской ча-



сти коллектива с днем защитника отечества, поздравления юбиляров и т. д. В канун Нового года профсоюзная организация вручает подарки работникам аппарата управления и организует для их детей новогодние утренники. Впервые в этом году, были подготовлены отдельные программы для детей разной возрастной категории. Если для малышей утренник прошел в традиционном формате – с Дедом Морозом, Снегурочкой и хороводом, ребята постарше поиграли в боулинг. Как вы сами видите, профсоюзный комитет, в интересах наших сотрудников, творчески подходит к организации всех мероприятий.

К слову, в ближайшие месяцы, состоится общее собрание профсоюзной организации аппарата управления, на котором все ее члены смогут ознакомиться с полным финансовым отчетом нашей деятельности за 2018 год, а также задать интересующие их вопросы.

Имели ли место в прошлом году трудовые споры и как они были разрешены?

- В прошлом году разногласий между работодателем и работниками в центральном офисе не возникало. В адрес профсоюзного комитета поступило одно обращение от группы работников аппарата управления, не согласных с утвержденным графиком следования служебного автобуса по маршруту Офис-Авангард-Офис. По данному обращению мы провели переговоры с авторами письма и руководством департамента транспорта. В результате, спорная ситуация была благополучно разрешена.

Каким образом избираются члены профсоюзного комитета и оплачивается ли их работа?

- Члены профсоюзного комитета избираются общим голосованием на заседании профсоюзной организации раз в 5 лет. Члены профсоюзного комитета аппарата управления не являются освобожденными членами. Следовательно, по уставу профсоюзной организации, для них не предусмотрена заработная плата. Пользуясь случаем, хочу сердечно поблагодарить всех членов профсоюзного комитета, которые совмещают основную работу с активной организаторской деятельностью на благо всего большого и дружного коллектива работников аппарата управления, а также поздравить всех коллег с наступающим праздником «Наурыз»!

Спасибо за интервью!





Құрмет

Ардагерін құрметтеген ел ардақты

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Атырау облысының бір топ еңбек ардагерлері мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дамуына сүбелі үлес қосқан ардагер мұнайшылардың жұбайыларына 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай құттықтау хатын жолдады.

Мереке қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат департаментінің қызметкерлері облыстың еңбек ардагерлері – З.Иманғалиева, Н.Абдолова, М.Ғабдісәлімова, Д.Қоқанова, А.Көшекова, Д.Қарасаева, М.Сабирова мен Ембінің даму тарихында өлшеусіз із қалдырған ардагерлер мен олардың жұбайылары Л.Назарова, Н.Ележанова,

К.Төлеңгітова, З.Бисекенова, Қ.Сүйінғариеваның үйлеріне барып, сый-сияпат жасады, Бас компания басшысының құттықтауын жеткізді.

Сонымен қатар оларға жылы лебіздерін білдіріп, зор денсаулық тіледі. Ақ жаулықты әжелер өз кезегінде естеліктерімен бөлісіп, Компания басшылығына алғыстарын айтып, ақ баталарын берді.



Ембінің мақтанышы

Әлем чемпионатынан мұнайшылыққа дейін...

Самбо күресі – көптеген ұлттық күрес түрлерінің бай әдіс-айлаларының жиынтығы. Ептілікті, күрес кезіндегі әдістердің шебер орындалуын талап ететін осынау әдемі спорт түрінен облыс палуандары еліміз бойынша алдыңғы қатарда келетіні белгілі.

2002 жылы Белград қаласы. Әлемнің әр түкпірінен мықты палуандардың басын басы қосқан дода. Ел үмітін үкілеп, бүкіл әлем көз тіккен додаға ел құрамасы сапында Мұхамедрахим Оралбеков те аттанды. Ақтық сында Ресей палуанын 3:1 есебімен ұтып, ел қоржынына алтын медаль салды. Жиырма жасында көк байрағымызды биікте қалықтатып, Югославия елінің төрінде Әнұранымыз шырқатты. Ал, Ембі өндірісіне 2011 жылы аяқ басып, қазіргі таңда Мұхамедрахим Ғалымұлы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында мұнай дайындау және айдау операторы болып еңбек етуде.

- Жеңіс тұғырында тұрып, Қазақстан Гимні шырқалған кезде ерекше толқыдым. Ол кездегі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Атырау қашан да өз самбошыларымен атағы шыққан. Бұл чемпионатта атыраулық Арсен Хатип те әлем чемпионы атанған еді. Бұл кезде еліміз даму кезеңіне аяқ басып жатқан сәт болатын. Сондықтан, «Қазақстан» деген елдің бар екендігін білмейтін өзге ел спортшылары бізді қытайлықтар деп ойлап, таң қалғандары бар, - деп еске алады ол.

Он баланың ортасында тәлім алған ол әр жылдары Каспий жағалауы елдерінің арасында дзюдо күресінен өткен додада – I (1996 ж.), Азия чемпионатынан – II (2001 ж.), самбодан жастар арасында Қазақстанның 2 дүркін чемпионы, дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен жарыста III орынды иеленді.

«Отбасымыздағы балалардың барлығы спортпен айналысады. Ең алғаш рет күреске ағам Бұрхан Оралбеков баулыды. Кейін Қошқарбай Табынбаев есімді жаттықтырушыдан тәлім алдым. Менің спорттағы жетістіктеріме, ең алдымен, осы адамдардың зор үлесі бар. Ал, ата-анам мұнай саласында қызмет еткендіктен, бұл салаға бет бұруым да кездейсоқтық емес. Қазіргі таңда өзім еңбек ететін компанияның спорттық жарыстарына қатысып жүрмін, - дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, қазіргі таңда үлкен ұлы самбо күресімен айналысуда. Өткен жылы ол Қазақстан Республикасының спартакиадасында топ жарып, әлем біріншілігінен V орынды иемденді.



Өзекті мәселе

Ажырасу – қоғам дерті

Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы мен құндылықтарға деген қарым-қатынасы өзгереді. Бұл-бұлтартпас шындық, факті. Себебі заманға сай адам психологиясы өзгереді, бір қалыпта тұрмайды. «Адам өзгермейді дегеннің тілін кесем» деген емес па еді хәкім Абай? Демек, адамның қарым-қатынаса деген көзқарасы өзгереді. Ал, біздің менталитетімізге отбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйытқысын сақтау сынды нәрселер сіңіп, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша «ажырасу» ұғымы - айтылмайтын «дерттің» бірі еді. Осыдан біраз жыл бұрын ажырасуға бару үлкен күнә, қылмыс, яғни, болмаса ерсі қылық ретінде қабылданды. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба бастағаннан кейін ажырасу фактісі де көптеп тіркеле бастаған. «Оның себебі – әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі де басты себептердің бірі», - дейді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Атырау облысы бойынша өкілі және «Иманғали» орталық мешітінің бас имамы Батыржан Берденұлы Мансұров.

- Батыржан Берденұлы, Дәстүрлі қазақ қоғамында ажырасу өте сирек кездескен. Себебі, әмелгерлік институтының болуы, “әйел ерден кетсе де, елден кетпейді” деген дәстүрлі құқықтық сананың ырқы орынсыз неке бұзылуына, жетім-жесірлердің көбеюіне жол бермеген. Ал, қазіргі таңда ажырасу саны өте көп. Жалпы, Ислам дінімізде ажырасуға, яғни, «талақ» айтуға қалай қарайды?

- Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Үйленіңдер, көбейіңдер. Мен сендердің көптіктеріңмен мақтанамын», - деген. Ислам шарияты үйленуге үндейді. Дінімізде ажырасуға рұқсат етілгенімен, қолдамайды. Ажырасу – дінімізде ең ұнамсыз нәрсе. Ондай жағдайға тек ең соңғы нүктеде басқа амал болмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Сондықтан дінімізде ажырасуға жол бермей, оның алдын-алуға, ерлі-зайыптыларды жауапкершілікке шақырып, бағыт-бағдар береді.

- Ажырасудың негізгі себептері деп нелерді айтар едіңіз?

- Ажырасудың себептері, ол біріншіден, жұбайлардың мінездерінің келіспеуі болуы мүмкін. Бірақ, ажырасуға желеу болмауы тиіс. Келесі, бірнеше жылда бала сүйе алмауынан болуы мүмкін. Осындай жағдайларда ғана ажырасуға рұқсат етіледі. Негізінен, шариятымыздың талабы – ажыраспау.

- Осы орайда, шаңырақ шайқалмауы үшін, ерлі-зайыптылардың жарасымды өмір сүруі үшін олардың бойларынан қандай қасиеттер табылуы тиіс?

- Ең әуелі ұл мен қыздың отбасында алған тәрбиесі бекем болуы керек. Бұрын аналарымыз өсіп келе жатқан қызына оның жат жұрттық екендігін, ерін құрметтеуі тиіс екенін, ұзатылып кеткен соң сол үйге тастай батып, судай сіңу керектігін айтып, санасына сіңіріп отырған. Ұлға да отбасының тірегі екендігін үйретіп келген. Ал, қазір отбасындағы тәрбие әлсіреп, ақсап бара жатыр. Ұлан-асыр той жасап, ысырапшылыққа жол беріп, басқа адамдардың жағдайын ойлаймыз да, жаңадан отау құрып жатқан жұбайларға деген қолдау, тәрбиені бере алмай жатырмыз.

- Ерінің әйел адам алдындағы және әйел адамның күйеуі алдындағы міндеттері туралы да айта кетсеңіз.

- Ер кісінің екі түрлі міндеті бар. Біріншісі – дүние-мүлікпен қамтамасыз ету. Екіншісі – дүние-мүліксіз қарым-қатынас жасау. Бірінші міндет екіге бөлінеді. Ер адам үйленген соң өзі не жесе соны жегізіп, не ішсе, соны ішкізіп, яғни, ас сумен нәпақасын қамтамасыз етуі тиіс. Сосын үйлі-жайлы ету, яғни, өзі мен әйелі, балалары тұратын баспанамен қамтамасыз қылу



керек. Дүние –мүліксіз қарым-қатынас екіге бөлінеді: әйелімен жақсы қарым-қатынас жасау, әйеліне зиянын тигізбеу. Ал, әйел үшін ең абзалы – еріне бағыну. Әйел ерін, оның ата-анасын сыйлап, күйеуіне ата-анасының разылығын алуға жағдай жасауы керек. «Қайын» сөзі арабша «қайым» дін арқылы араб тілінен енген сөз. «біреудің орнын басу» деген мағынаны білдіреді. Яғни, келін ата-енесіне өзінің туған әке-анасындай қарап, қызмет көрсетуі тиіс.

Жалпы ажырасу көрсеткішінің осыншалықты өсуі бірнеше факторларға тікелей байланысты. Ең бірінші, ол елдің экономикалық даму жағдайы мен қоғамның әл-ауқаты мәселелері. Қоғам арасында ажырасудың басты себебі ретінде есептелетін кең таралған пікір: "Жастардың үлкен өмірге дайындықсыз келетіндігі". Негізгі мәселе – осы ажырасу факторын болдыртпау. Қарым-қатынасты осы шарықтау шегіне дейін алып келмеу. Себебі, не дегенмен де, ажырасу- отбасының ойрандалуы, ал арада бала болса тағдырдың бұзылуы. Ажырасуды болдыртпау үшін ең бірінші, оның орын алу себептерін анықтау керек. Шын мәнінде, себеп өте көп. Әркімнің жеке тағдыры бар, проблемалары әр түрлі. Көп жағдайда дұрыс құрылмаған қарым-қатынас себеп дейді сұхбатымызды одан әрі өрбіткен «Атырау облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының» атқарушы директоры, психолог Алуа Сыралиева.

- Алуа Әділбекқызы, бүгінгі қоғамымыздың кемшіл тұсы – ажырасуға деген пікіріңіз қандай?

- Өкінішке орай, бұл көрсеткіш бойынша мемлекетіміз соның ішінде Атырау облысы алдыңғы орындамыз. Ажырасу мәселесі көбеймесе, азаймай отыр.

- Ажырасуға себеп болатын негізгі факторлар қандай деп ойлайсыз?

- Ажырасудың себептері өте көп. Солардың ішіндегі ең бастысы- отбасы тәрбиесі, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтың ақсауы. Заман ағымына сай қазір адамдар өзгерді, отбасы тәрбиесі кейінгі орынға шегерілді. Әу бастан-ақ ата-анасынан жөнді тәрбие алмаған ұрпақ ертең жұбайлық өмірдің ыстық-суығына төзе алмайды. Отбасылық ұрыс-керіс осыдан басталады. Екіншіден, жұбайлардың әлеуметтік жағдайы. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігі де шаңырақтың шайқалуына әкеп соғады. Үшіншіден, тұрмыстық зорлық-зомбылық. Ер адамдардың әйел затын жеке меншігіндегі зат есебінде қарап, оның бостандықтары мен құқықтарын шектеп, қол көтеру жағдайлары жиі кездесіп жатады. Төртіншіден, жастарымыздың албырт сезімге алданып, асығыстық танытуы дер едім. Әлі оң-солын тани қоймаған жас бозбала мен бойжеткен сезім жетегіне еріп, отбасы құруға асығып, тез шешім қабылдайды. Бұның соңы ажырасуға алып келеді. Бесіншіден, отбасын жоспарлай білу мәселесі. Жүктілікке дайын болмау,

денсаулыққа деген немқұрайлылық та шаңырақ шатығына кері әсерін береді.

- Ажырасудың психологиялық әсері туралы айтсаңыз?

- Қазіргі уақытта өкінішке орай, ажырасу қалыпты жағдайға айналып кетті. «Пәленше айрылысып кетіпті» дегенге елең етпейтін болдық қазір. Ажырасып кеткен соң психологиялық күйзеліске ұшырайтын ересектер некен-саяк. Ажырасу ең алдымен балалардың психологиясына кері әсерін тигізеді.

- Отбасын сақтап қалу үшін ерлі-зайыптыларға айтар ақыл-кеңесіңіз?

- Алдын-алу жұмыстары жүргізілсе, дұрыс болар еді. Отбасы тәрбиесін қолға алып, ұлттық құндылықтарымызды кеңінен насихаттап білуіміз керек. Анасы қызымен, әкесі ұлымен ашық та еркін түрде сырласқандары жөн. Оқу орындарында үгіт-насихат жұмыстарын, көпті көрген қариялармен кездесу сағаттарын көптеп ұйымдастырған жөн. Бұрын жұбайлар некеге тұруға арыз берерде, АХАЖ бөлімі жанынан үгіт-насихат, кеңес беру жұмыстары жүргізілуші еді. Қазір бұл үрдіс тоқтап қалды. Осы істі мықтап қолға алсақ, оң нәтиже берері анық.

Негізінен ажырасудың алдын-алу қарым-қатынасты дұрыс құрудан басталады. Отбасын құру оңай шару емес. Сондықтан, оған үлкен дайындықпен келу қажет. Алуа ханымның айтуынша, ажырасудың шектен тыс көбеюі адамдардың өмірлік серік таңдағанда оның жан-дүниесіне үңілмей, сыртқы факторларға қарап қана бағалап таңдауынан болады. Сонымен бірге, жастардың материалдық қиындық көріп, оған шыдамай жататындықтары да – басты себептердің бірі екен. Демек, дайындық болуы керек. Осы орайда, психологтар ерлі-зайыптыларға мынадай ұсыныстарды ұсынады:

- Бір-біріңізге ауыр сөздерді айтудан аулақ болыңыз. Себебі ондай сөздер, қылықтар кешіріледі, бірақ ұмытылмайды;

- Проблемаларыңыз бен қиындықтарыңызды үнемі бір-біріңізге жүктеуден қашыңыз. Адам шағымнан, жылап-сықтаудан, күн сайынғы сіздің құрбандықтарға барып жатырмын деген міндетсінулеріңізден тез жалығады, шаршайды;

- Компромиске келу. Отбасы - бұл бір шаңырақ. Түсіністік танытатын кезде, жағдайға кіруге, барлығы ой елегінен өткізіп екеуіңізге де пайдалы болатындай шешім жасауға болады. Егер біріңіз құрбандыққа бару керек болсаңыз, барыңыз. Ол – сіздің отбасыңыз үшін жасалатын қадам.

- Ренішіңіз болса, өкпеніз қара қазандай болғанша үндемей жүре бермей, жұбайыңызға білдіртіңіз, айтыңыз. Сөйлесу мен әңгімелесу жоқ жерде- дұрыс отбасын құру деген бос иллюзия. Себебі неке – ұзақ әңгімелесу.



Мұнайшылар шығармашылығы



Ораз ТӨЛЕШЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ өндіру операторы:

Өмір кітабы

Өмір өтер парақтары жабылып,
Өр адамның өз кітабы жазылып.
Жақсылық пен жамандықтар жасалған,
Сол кітапта қалар екен сақталып.

Қайта айналып келместікке кетеді,
Ол кітаптың жыртылмайды беттері.
Қателіктен сүрінетін бір сәтін,
Көп жылдарға ізін салып кетеді.

Жығылғанға жұдырық та дайын тұр,
Сүріндірер амалдардан аулақ жүр.
Сәл әлсіздік танытқанды аямас,
Қатал уақыт сынағы да әзір тұр.

Пенделікпен қателеспеу мүмкін бе?
Өткен затқа босқа жатып өкінбе.
Түзеу жолдан адаспайтын із тауып,
Сабақ болып жазылсын ол өмірге.

Өр адамның өз өмірі құралар,
Жауабы да өзі үшін сұралар.
Парақтардың басым көбі ластанса,
Тағдырында сол өлшеммен сыналар.

Жақсылыққа жүректерді ашайық,
Жаман іс пен жауыздықтан қашайық.
Дүниенің қоқысына ластанбай,
Жақсы іспен жанды таза ұстайық.

Тірліктегі кекілжіңге берілме,
Кеудедегі көкірекке керілме.
Өтер дәурен барінің де басынан,
Тұла бойға боқтық жинап семірме.

Айналаға ақ ниетпен қарайық,
Адамдарды бауырларға басайық.
Жаратқанға бәріміз де бірдейміз,
Өзімшілмен күнә тағып алмайық.

Өтер бәрі, кім өтпеді жалғаннан,
Жақсы адамның ісі қалар артынан.
Өмір кітап таза қалсын ұрпаққа,
Жүрмесінші бетін басып ұяттан.

Сыйласайық тіріде

Оу Ағайын! Сыйласайық тіріде,
Бір күнгідей өтіп кетер, бәрі де.
Қатар жүріп кір шалмасын көңілді,
Өкінбестей мына жалған өмірде.

Ата-Ананы жүрейікші бағалап,
Құрмет тұтып, көңіліңе қарайлап,
Ата-Ананың алақанын аялы,
Сүйейікші, мезгілінде аялап.

Бауырларға қатты сөзді айтпайық,
Жағаласып, жаға жыртып жатпайық.
Тіршілікте аға бола білгенді,
Іні болып, бетін кері қақпайық.

Қарындастың көңіліне қарайлап,
Жолын кеспей, жүрейікші абайлап.
Қыздарымыз – тіршіліктің мәні ғой,
Сыйлап жүрер, дұрыс болсақ, ағалап.

Бүгін бар да, ертең жоқпыз, кім білген,
Бұл өмірді кімдер келіп сүрмеген.
Сабы қысқа қамшыдай бұл жалғанда,
Адам барма, тірі жүріп өлмеген?

Жаны сұлу қыз

Сұлу қыз, көркіңе сай болғайсың,
Сұлулықты еш кіршіксіз қылғайсың.
Жамандықтан аулақ жүрші қашан да,
Ақыл жисаң, одан жаман болмайсың.

Сұлу қыз, қашық болшы өсектен,
Қосылмашы ауыздарға еріккен.
Ата-ананды қара жерге қаратпа,
Берген саған тәрбиені бесіктен.

Сұлу қыз, ала мінез болмашы,
Айналаға мейіріммен қарашы.
Алалықтың адалдығы болмайды,
Аттап кетіп, абыройсыз қалмашы.

Сұлу қыз, елігісің Елімнің,
Гүлісің сен байтақ Қазақ жерімнің!
Нәзіктікті-әлсіздік деп ойлама,
Иланбашы айдауына перінің.

Сұлу қыз, анасың сен болашақ,
Бір Отаудың ұрпақтарын таратпақ.
Отанымның туын биік көтерер,
Қазақ атын-әлемдерге танытпақ!

Бар қыздарды сұлулыққа теңедім,
Сұлулықты сүйіп тұрар жүрегім.
Тәні сұлу, Тәңір берген сый болар,
Жаны сұлу болсыншы деп тіледім!

Асхат ИШАНҒАЗИЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы:

Ана, апа, қарындас пен қызыма

Сәлем, барша қыз қылықты қыздарым,
Қыс келсе де көктем күйде қылатын.
Бір көз салмай қарамастан өте алмас,
Қарапайым әйел жанын сыйлаған.

Әйел – Ана, әйел – апаң, қарындас,
Еркелеген есейсе де қызың жас.
Қар қылауын қабағынан үлгілеп,
Маңдайынан ақ ниетпен сүйем рас.

Фариза апаға арнау

Нарын маңы бай емеспе дарынға,
Батыры бар, күйшілері акында.
Соның бірін еске алсақ апамыз,
Оңғарсын қызы Оңғарсынова Фариза.

Өлендерін оқып көрдім тамаша,
Ой толғайды көбінесе оңаша.
Әке сыйлап, Ана сүйген балаша,
Махаббаты сағынышы басқаша.

Түсінгенім көп толғайды сағыныш,
Жастық шағын қайғысымен қуаныш.
Бөліскендей біздерменен сырымен,
Жүзі қатты, жүрегі жылы жандайсыз.

Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,
Деп жырлаған Мұқағали ағамыз.
Фариза апа, Фаризажан, Фариза қыз,
Біздің де есімізде сол есіммен қалыңыз.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі